



Автор: Өтемісова Арайгүл Өтеміс қызы

Пән: Биология

Сынып: 8-сынып

Бөлім: Заттардың тасымалдануы

Тақырып: Қан топтары. Қан құю. Резус -фактор

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	8.1.3.7 агглютинация және резус – конфликт механизмдерін түсіндіру
Сабақтың мақсаты:	Қан топтарын, қан құю жолдарын және резус – факторды ажыратып, қан тобына есептер шығаруды меңгеру
Бағалау критерийлері	- Қан топтарын біле алады - Қан құю жолдарын анықтай алады - Қан топтарына есем шығара алады
Құндылықтарды дарыту	Сабақ өту барысында әдепті сөйлеуге, уақытты үнемдеуге баулу. Сонымен қатар, еліміздің басты байлығы - тәуелсіздігіміздің тірегі болар және елбасы Н.А.Назарбаевтың «Мәңгілік ел» идеясын дамытатын білімді ұрпақана бола алатынын ұғындыру. Топтарға біріктіре отырып, бір-бірімен ой бөлісуге, бір-бірінің пікіріне құрметпен қарауға, сыныпта ынтымақтастық атмосфераны қалыптастыруды дамыту

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	1.Ұйымдастыру кезеңі Оқушылармен сәлемдесу, түгендеп, сынып тазалығы мен қажетті құрал-жабдықтарының дайындығын тексеру.Үйге берілген тапсырманы тексеру және топқа бөліну «Күннің нұрын шашады» 1.Иммунитеттің қандай түрлері бар? (Табиғи және жасанды) 2.Бір аурумен ауырған соң қалыптасатын иммунитет (Табиғи жүре пайда болған иммунитет) 3. Емдік сарысу енгізген соң пайда болатын иммунитет (жасанды енжар иммунитет) Миға шабуыл. Ол не? Қалай? Балалар, бізге Данияр есімді баладан әлеуметтік желі арқылы хат келіпті. Соны бірге оқыйық. - Сәлеметсіздер ме, балалар! Мен, биологиядан бір тапсырманы орындай алмай, түсінбей отырмын. Тапсырмада былай берілген: Анасының қан тобы II, ал әкесінің қан тобы III, баласының қан тобы IV болып шыққан. Бұл тұжырым дұрыс па? Қалайша баланың қан тобы IV болады. Өтінемін, маған шешімін табуға көмектесіңіздерші. Сіздердің жауаптарыңызды асыға күтемін. Біз Даниярға көмектесу үшін «Қан топтары. Қан құю. Резус - фактор» деп аталатын ауызша журнал жасақтап, Даниярға түсіндіруге тырысайық. Олай болса бүгінгі біздің тақырыбымыз «Қан топтары. Қан құю. Резус - фактор»	Биология А. Соловьева, Б.ИбраимоваПрезентация слайд 1

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	1 бет: Қан топтары туралы басты жаңалықтар: Видео көрсету. Қан топтарын түсіндіру 2 бет: Бас редактор мінбері: Қызықты генетика Қан тобына генетикалық есептердің шығару жолын түсіндіру. I (0) –А және В антигені болмайды II (А) –А антигені болады III (В) –В антигені болады; IV(АВ) –А и В антигені болады 3 бет: Медицина әлемі. Қан құю жолдарын, резус – факторларды түсіндіру 4 бет: Қан тобы және психология Мысалы, бірінші топтағы қан иелері – рухани мықты болып келеді. Тұмысынан көшбасшы, өмірге әрқашан құштарлықпен қарайтын жандарды кездестірсеңіз, олар осы бірінші топтағы қан иелері болуы әбден мүмкін. Дегенмен, олар өздеріне айтылған сынды ұната қоймайды, өте ауыр қабылдайды. Есесіне, олар кездескен қиындықтардан қорықпайды, мойымайды. Және бір ерекшелігі, түрлі адамдармен тез тіл табысып кете алады. Сонымен қатар, сырқат не жаралы адамдарға қан құю қажет болса, оның қай топтағы қан иесі екеніне қарамастан, бірінші топтағы қан – кез келген адамға құюға лайық болып табылады. Қаны екінші топтағылар ерекше ұқыпты, жүйелі істі қалайтын және өте жоғары ұйымдастырушылық қабілетке ие болып келеді. Мінездері өте жайлы болғандықтан, кез келген ортаға тез сіңісіп кетеді. Мінездеріндегі және бір ерекшелік, қиналса да, күйзелсе де, сыртқа білдірмеуге тырысады, сырт көзге бәрің жақсы сияқты көрсетіп, не болса да, ішіне сақтап, ештеңе білдірмей жүре береді. Бірақ, бір көтерілсе, ашуымен тау қопара алады екен. Үшінші топқа жататындар – нағыз шығармашылық адамдары. Жан дүниесі қиял мен фантазияға бай, оларды өзі кіріскен іске барынша қолдануға тырысатын жан. Алайда бір кем тұсы – өте тұйық, адамдармен тіл табысуы қиын болып келеді. Қиялшылдығынан болар, көпшілік ортасынан гөрі, оңаша болғанды ұнатады. Сырт көзге сабырлы көрінгенімен, олардың ішінде алай-дүлей дауыл соғып тұрады. Ең сирек ұшырасатын қан тобы – төртінші топ болып табылады. Бұл қан тобының иелері – таптырмас ұйымдастырушылар. Мінезі адал, ақ көңіл болып келетін бұл жандар әрқашан көпшіліктің ортасында жүреді. Бір кереметі, адамдарды ешбір алааламай араласатын болғандықтан, олар кез келген ортаның ішінде бойы озық тұратын, отырыстың гүлі болып келеді. 5 бет: Өзіңді тексер 1.Агглютинация А. Қан қабылдаушы адам 2.Донор В. Қан беруші адам 3.Реципиент С. Эритроциттердегі нәруыздар 4. Агглютиногендер Д.Қан құйған кезде эритроциттердің бір – біріне жабысып қалуы 1..... 2..... 3..... 4..... Дескриптор - Қан құюға байланысты барлық терминдерді біледі - Қан құюға байланысты барлық терминдерді бір – бірінен ажыратады Есеп. Ата – анасының қан тобы I және III. Олардың балаларының қан тобы қандай болады? Дескриптор Қан топтарына байланысты есептер шығарып үйренеді	
Сабақтың соңы	Даниярдың хатына енді жауап беретін болармыз. Есепті тақтаға шығару. Үйге тапсырмасы:Тақырыпты оқу және соңындағы деңгейлік сұрақтарға дайындалу	